5) ұялы байланыс – қызмет көрсетілетін аумақты бірқатар ұяшықтарға бөлуді пайдаланатын, абонент ұяшықтан ұяшыққа өткен кезде байланыстың үзіліссіз болу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және радиотолқындар арқылы көбіне сөйлеу түрінде берілетін ақпаратпен екі жақты (көпжақты) алмасуға арналған электр байланысының түрі;

6) халықаралық телефон байланысы – Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыс қызметтерін пайдаланушылар мен басқа мемлекеттің аумағындағы байланыс қызметтерін пайдаланушылар арасындағы телефон жалғанымы.

3. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер қосылған құн салығын есепке алусыз, бір ондық белгісімен мың теңгеде көрсетіледі.

Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшеге заңды тұлға статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі аумақтық статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық бөлімше және оқшауланған бөлімшеде статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктер болмаса, онда заңды тұлға өзі орналасқан жердегі статистика органдарына олардың орналасқан жерлерін көрсете отырып, құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады.

4. 2-бөлімнің 1-жолында кәсіпорын қызметінің негізгі және қосалқы түрлері бойынша көрсетілген байланыс қызметінің құндық мәндегі көлеміне есепті кезеңде ( жыл) көрсетілген қызметтерге ақшаның түскен күніне қарамастан, есепті кезең ішінде халыққа, кәсіпорындарға және ұйымдарға көрсетілген байланыс қызметінің көлемі қосылады.

Құндық мәндегі халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінің көлеміне азаматтарға олардың қаражаттары есебінен көрсетілген қызметтер үшін ғана алынатын қызметтен қаражаттардың түсімі кіреді.

Байланыс қызметтерінің барлық түрлерінен қызметтер көлеміне халықаралық, қалааралық және жергілікті телефон байланысы, байланыс арналарын жалға беру, деректерді беру, сымсыз байланыс, телеграф байланысы, өзге де телекоммуникациялық қызметтер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша табыстар кіреді.

2-бөлімнің 1.1-жолында қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметінің көлеміне қалааралық және халықаралық телефонмен сөйлесулерді, таксофон арқылы сөйлесулерді, IP-телефония - Интернет желісін немесе кез келген IP-желісін нақты уақыт режимінде халықаралық және қалааралық телефон сөйлесулерін ұйымдастыру және жүргізу және факстерді беру құралы ретінде



пайдалануға мүмкіндік беретін технология бойынша қызмет көрсетулер ұсыну бойынша қызмет көрсетулер кіреді.

2-бөлімнің 1.2-жолында жергілікті телефон байланысының көрсеткен қызметтерінің көлемі қалалық (жергілікті) телефондандырылған аймақтар (облыстар) арасындағы байланысты орнату және ұстауға қажетті қосу (қайта қосу) және беру (деректер мен хабарламаларды) бойынша қызмет көрсетулерді қамтиды. Осы көрсетілетін қызметтер телефонды жеке және ұжымдық (сәйкес төлемақымен) пайдалануды қарастырады. Осыған телефон аппаратын орнату (қайта орнату), жөндеу және ауыстыру (негізгі және параллельді, телефон нөмірін анықтаумен немесе жоқ), абонент нөмірін ауыстыру, жергілікті телефон байланыс желісіне келген ақауларды жөндеу бойынша қызметтер және қосымша қызметтер (күзет дабыл сигналын, қосымша телефон шалуларды, жарық дабыл сигналын қосу) жатады.

Жергілікті телефон байланысына Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бір елді мекендегі абоненттер арасындағы телефон жалғанымы жатады.

2-бөлімнің 1.3-жолында ұтқыр телефон байланысы қызметтерінің көлемі тасымалданатын трубка түріндегі ұтқыр телефон (радиотелефон) арқылы хабарламаларды қабылдау және жіберу бойынша қызметтерді қамтиды. Мұндай телефондарда жалпы пайдаланымдағы телефон желілеріне немесе ұтқыр телефондарға ену рұқсаты бар және жалпы пайдаланымдағы телефон желісіне, оның ішінде факсимильді байланысқа тән барлық функцияларды орындайды.

Интерконнект (трафикті өткізу) қызметінің көлеміне байланыс операторларынан қаражат түсімі енгізіледі. Интерконнект – операторлардың арасындағы желіаралық байланысты білдіреді. Интерконнектке мөлшерлеме бір оператордың өзге операторға абоненттің өз желісінен тыс сөйлесуінің әр минуты үшін төлейтін сомасын анықтайды. Желі ішіндегі қоңырау шалудың тарифі әдетте аз болады, себебі осы қосалқы төлем жоқ.

Ұтқыр байланыс бойынша көрсеткіштерді қозғалыстағы абоненттерге өзара және телефон желісінің тұрақты абоненттерімен байланысуға мүмкіндік беретін ұтқыр байланыстың көрсетілетін қызметтерін ұсынатын операторлар толтырады. Ұтқыр байланыстың қызметтер көлемінде транкингтік байланыс (топтық шақыру режимінде қызмет ететін радиобайланыс) қызметтерінің көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.4-жолында телекоммуникациялық желілер арқылы деректерді беру бойынша қызметтер көлеміне бірдей немесе әртүрлі сызбасы бар жабдыққа (құрылғылары) ие түпкілікті пункттер (абоненттер) арасындағы деректерді беру бойынша желілік қызметтер кіреді. Деректерді беру (және қабылдау) бойынша қызметтер байланыс желісінің жалпы қолжетімді, сондай-ақ белгіленген (тұтынушылар арнайы төлеген) арналары арқылы жүзеге асырылады. Деректерді беру деп есептеу

құралдарымен бұдан әрі өңдеу немесе өңдеуден кейінгі қос белгілер түрінде ұсынылған деректерді беруді электр байланысы құралдарымен қамтамасыз ететін электр байланысы түсініледі.

"Деректерді беру қызметі" ретінде электр байланысының мамандандырылған, сондай-ақ мамандандырылмаған желілері бойынша, оның коммутацияланатын, сондай-ақ коммутацияланбайтын желілері бойынша деректерді қабылдау және беру бойынша байланыс операторы (операторларының) қызметінің өнімі ұғылады.

Коммутацияланатын байланыс желісіне беретін және қабылдайтын құрылғыны қосу уақытша ғана орнатылатын байланыс желісі жатады.

Коммутацияланбайтын байланыс желісі телеграф желісінің екі пункті арасында тұрақты жалғанымға арналған телеграф арнасы дегенді білдіреді. Коммутацияланбайтын арналар осы беру бағытына үнемі бекітілген және хабарламалармен алмасу үшін арнайы қосылуды талап етпейді.

Деректерді беру электр байланысының желісі бойынша байланыс құралдарын пайдаланумен оларды тасымалдау болып табылады, ол тиісті электр сигналдарын қабылдау-беруді қамтамасыз ететін тораптар мен арналардан тұрады.

Интернет желісі деп элементтері бір-бірімен TCP/IP хаттамасына негізделген бірыңғай мекенжайлық кеңістік арқылы өзара байланысқан, пайдаланушыларға көптеген ақпараттық, бизнес ресурстарға және электрондық поштаға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын ғаламдық ақпараттық жүйе ұғынылады.

2-бөлімнің 1.7-жолында өзге де телекоммуникациялық қызметтер көлемі мыналарды қамтиды:

басқа байланыс операторларының телекоммуникация желісіне қосу және жалғау бойынша телекоммуникация қызметтерін ұсынумен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтер;

телекоммуникация желісіне абоненттік қолжетімділікті ұйымдастыру бойынша қызметтер;

жалға алынған желілерді ұсыну қызметтері;

телекоммуникациялық жабдық пен желінің инфрақұрылымы элементтеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер;

телекоммуникациялық жабдықты, желінің инфрақұрылымы элементтерін жалға беру бойынша қызметтер;

байланыс операторларының көлік желісі арналарына қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер;

байланыс операторлары үшін трафикті (интерконнект) өткізу бойынша қызметтер.

5. 3-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі. Тіркелген телефон желісі абоненттің түпкілікті жабдығын жалпы пайдаланымдағы коммутацияланатын желімен байланыстыратын және телефон станциясының жабдығында бөлінген порты бар белсенді желі болып табылады.

Тіркелген телефон желілерінің санына аналогты тіркелген телефон желілерінің, қызметтерді интеграциялаумен цифрлық желінің (бұдан әрі – ҚИЦЖ) арналарына қосылған телефон желілерінің, тіркелген сымсыз байланыс абоненттерінің, жалпы пайдаланымдағы ақылы таксофондар және VoIP абоненттерінің саны қосылады.

3-бөлімнің 1.1-жолында аналогты тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі (жылдың соңына қосылу пункттері). Жалпы пайдаланымдағы коммутацияланған телефон желісінің тікелей қызметтері (ЖПКТЖ) жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желісімен осы тұтынушыны қосатын, тұтынушы электр байланыс операторына тікелей қосылған ахуал ретінде анықталады.

3-бөлімнің 1.2-жолында есепті жылдың соңына цифрлық телефон станцияларына қосылған тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.2.1-жолында есепті жылдың соңына ҚИЦЖ арналарына қосылған тіркелген телефон желілерінің саны көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.2.2-жолында IP хаттамасы бойынша сөйлеуді жеткізу үшін тіркелген желі абоненттерінің саны көрсетіледі. Кіріс және шығыс қоңырауларының трафигін қамтамасыз ететін VoIP тіркелген телефон желісі абоненттерінің санын көрсетеді. Мұнда интернет-хаттама негізінде қосылған VoIP абоненттері енгізіледі. Бағдарламалық қамтамасыз ету базасындағы VoIP қосымшасы (Skype, hotmail, yahoo пайдаланатын) енгізілмейді.

3-бөлімнің 1.3-жолында барлық типтегі таксофондардың, соның ішінде монета немесе карта арқылы төлем жасалатындардың, сөйлесу пунктіндегі жалпы пайдаланымдағы таксофондардың саны көрсетіледі. Таксофон деп бір рет сөйлесу үшін төлем төлеу құрылғысы бар телефон аппараты түсініледі, байланыстың алыстығы мен ұзақтығына байланысты сөйлесудің құнын есептейтін таксофондар болады.

6. 4-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына шақырылған абоненттің сөйлесумен аяқталған және болған сөйлесу фактісі бойынша тарифтелетін автоматты қалааралық телефон байланысы бойынша шығыс шақырулар саны көрсетіледі.

7. 5-бөлімнің 1-жолында жергілікті тіркелген телефон трафигі көрсетіледі, ол шақырылатын станция орналасқан жергілікті трафикті алу ауданында алмасу жүрген тіркелген телефон желісі бойынша нақты (аяқталған) трафиктен тұрады. Бұл бір абонент басқа абонентке жергілікті тариф бойынша төлем жасап қоңырау шалуға болатын аудан.

5-бөлімнің 2-жолында есепті жылға тіркелген байланыс желілерінің пайдаланушыларынан шығыс (ақылы ішкі аймақтық қалааралық және халықаралық), ұялы байланыс желілерінің кіріс трафигі минуттарының жалпы саны көрсетіледі.

5-бөлімнің 3-жолында есепті жылға минуттағы ел ішіндегі тіркелген және жылжымалы байланыс абоненттеріне тіркелген байланыс абоненттерінің трафигін қоса алғанда, тіркелген телефон байланысының тиімді (аяқталған) аймақшілік және қалааралық шығыс ақылы трафигі көрсетіледі. Егер де шақырылатын абонент шақырып

тұрған абоненттің жергілікті тариф аймағынан тыс орналасқан болса, сөйлесу қалааралық болып есептеледі.

5-бөлімнің 4-жолында тіркелген халықаралық шығыс және кіріс телефон трафигінің нақты (аяқталған) мөлшері есепті жылға минутпен көрсетіледі.

5-бөлімнің 4.1-жолы 2-бағанында есепті жылға бір елден осы елдің шегінен тыс бағыттарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдеріне шығатын, нақты (аяқталған) халықаралық тіркелген телефон трафигі көрсетіледі, кіріс трафигі осыған ұқсас – ТМД елдерінен осы елге.

5-бөлімнің 4.2-жолы 2-бағанында есепті жылға бір елден осы елдің шегінен тыс бағыттарда ТМД-ға кірмейтін елдерге шығатын, нақты (аяқталған) халықаралық тіркелген телефон трафигі көрсетіледі, кіріс трафигі осыған ұқсас – ТМД-дан тыс елдерден осы елге.

8. 6-бөлімнің 1-жолында есепті жылға ұялы байланыстың бір желідегі абоненттері арасындағы трафик көлемі көрсетіледі.

6-бөлімнің жолдарында:

1) 2-жолда есепті жылға ұялы байланыс желісі абоненттерінің басқа ұялы байланыс операторлары желісіне шығыс трафигінің көлемі;

2) 3-жолда есепті жылға ұялы байланыс желісі абоненттеріне басқа ұялы байланыс операторлары желісінен кіріс трафигінің көлемі;

3) 4-жолда есепті жылға елден тыс бағытталған ұялы байланыс желісі абоненттерінің шығыс трафигінің көлемі;

4) 5-жолда есепті жылға ұялы байланыс операторлары желісіне халықаралық кіріс трафигінің көлемі;

5) 6-жолда есепті жылға шетелде болған кезеңінде ұлттық ұялы байланыс желісінің абоненттері құрған трафиктің (шығыс және кіріс) көлемі;

6) 7-жолда есепті жылға ұялы байланыс желісі абоненттерінің тіркелген телефон байланысы операторлары желісіне шығыс трафигінің көлемі;

7) 8-жолда есепті жылға ұялы байланыс желісі абоненттеріне тіркелген телефон байланысы операторлары желісінен кіріс трафигінің көлемі;

8) 9-жолда есепті жылға басқа елдердің ұялы байланыс желісі абоненттерінің олардың осы елде болған кезеңінде шығыс және кіріс трафигінің көлемі;

9) 10-жолда есепті жылға ұялы байланыс желілеріндегі қысқа шығыс хабарламаларының SMS (Short Message Service) жалпы саны;

10) 10.1-жолда 10-жолдан есепті жылға ұялы байланыс желілеріндегі қысқа халықаралық шығыс хабарламаларының (SMS) жалпы саны;

11) 11-жолда есепті жылға ұлттық және халықаралық бағытта жөнелтілген MMS (Multimedia messaging service) саны.

9. 7-бөлімнің 1-жолы 1-бағанында есепті жылдың соңына сандық сондай-ақ, аналогтық барлық стандарттардың ұялы байланысының белсенді абоненттерінің саны көрсетіледі.

Ұялы байланыс операторларымен жасалған шарттар саны бойынша есеп жүргізіледі, GSM стандарты үшін абоненттерді есепке алу SIM-карталар саны бойынша жүргізіледі. Қоңырау соғу немесе қабылдау, не болмаса SMS хабарлама алу және жөнелту немесе Интернет желісіне қолжетімділік сияқты операцияларды жүзеге асыру үшін қызметті соңғы үш ай ішінде кем дегенде бір рет пайдаланған белсенді абоненттер ғана есепке алынады.

7-бөлімнің 1.1-жолы 1-бағанында алдын ала төлем карточкасын пайдаланатын ұялы байланыс абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Бұл абоненттер тіркелген ай сайынғы абоненттік төлемді енгізудің орнына пайдалану уақыты пакеттерін сатып алуды жөн көреді.

7-бөлімнің 2 және 3-жолдарында белсенді үш айлық базаға қарағанда келу/кету негізінде ұялы байланыстың жаңа абоненттерінің келуі және ұялы байланыс абоненттерінің кетуі көрсетіледі.

7-бөлімнің 4-жолында ауыстырылған ұялы байланыс нөмірлерінің жалпы саны көрсетіледі. Ауыстырылған ұтқыр ұялы нөмірлер есепті жыл ішіндегі ұтқыр нөмірлерді ауыстыру (порттау) санын қамтиды.

7-бөлімнің 5-жолында есепті жылдың соңына ұтқыр желі бойынша машинааралық өзара іс-қимылға (M2M) абоненттік қосылулардың жалпы саны көрсетіледі.

Ұтқыр желі бойынша M2M-ға абоненттік қосылуларға желілік құрылғылар арасында деректермен алмасу үшін машиналар мен құрылғыларда (автомобильдерде, интеллектуалды есептегіштерде, тұрмыстық электроникада) пайдалануға арналған және тұтынушылық абоненттік қызмет көрсетудің бөлігі болып табылмайтын жылжымалы машинааралық байланысқа абоненттік қосылулар жатады. Мәселен, мұнда жеке навигациялық құрылғылардағы, интеллектуалды есептегіштердегі, поездар мен автомобильдердегі SIM-карталарды жатқызуға болады. Ұтқыр электрондық кілттер мен планшеттерге абоненттік қызмет көрсетуді алып тастау қажет.

7.1-бөлімде 256 кбит/с кем (GPRS, CDMA 1x (0 нұсқасы)) төмен жылдамдықпен деректерді жеткізуге (Интернет желісіне) қолжетімділігі бар ұялы байланыстың белсенді абоненттерінің саны көрсетіледі. Деректерді жеткізудің бұл технологиялары WAP және i-mode қызметтерін қамтамасыз етеді. Мұндай қызметтер 2,5G қызметтері деп аталады, алайда CDMA 1x (0 нұсқасы) жағдайында олар ITM-2000 MC-ге жататын 3G қызметтерінің бөлігі болуы мүмкін. Оған пакетті радио байланыстың жалпы қызметі (GPRS), сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP), i-mode, CDMA 1x (0 нұсқасы) кіреді.

Пакетті радиобайланыстың жалпы қызметі (GPRS) 2,5G жылжымалы байланыстың стандарты дегенді білдіреді, оны GSM (ұтқыр ұялы байланыс үшін ғаламдық сандық

стандарт) операторлары 3G-ге (ағылшын тілінен third generation – үшінші буын) ауысу кезеңі ретінде қолданады, i-mode – деректерді көрсету үшін WAP шеңберінде пайдаланылатын WAP стандарты бойынша ұялы телефондар мен ұтқыр құрылғыларда пайдалану үшін құжаттарды белгілеу тілі – WML (Wireless Markup Language "сымсыз белгілеу тілі") тілдің орнына сымсыз құрылғылар үшін белгілеудің ықшам тілін (CWML – SOUTH Wales Miners Librari) пайдаланатын деректерді сымсыз берудің пакетті құрылғысы, CDMA 1x (0 нұсқасы) (Code Division Multiple Access – арналарды кодтық бөлумен көптеген қолжетімділік) – IMT-2000 (International Mobile Telecommunications 2000) стандарттар жүйесінің бөлігі, CDMA пайдаланушыларына жұмыстың анағұрлым жоғарғы, бірақ 256 кбит/с-тан аспайтын жылдамдығын қамтамасыз етеді, сымсыз қосымшалар хаттамасы (WAP) – электр байланыс саласында едәуір жетілдірілген қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін және ұтқыр телефон арқылы Интернет желісі беттеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін сымсыз байланысқа арналған хаттама.

Егер абонент биллингтік жүйелер деректері талдауында көрсетілетін осы қызметті соңғы 3 айдың ішінде пайдаланған болса, онда ол деректерді беру қызметтерінің белсенді пайдаланушысы болып табылады.

10. 8-бөлімнің 1-жолында тіркелген (сымды және сымсыз) қолжетімділігі бар Интернет желісінің барлық абоненттері саны көрсетіледі.

8-бөлімнің 1.1-жолында коммутацияланған қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің саны және жоғары жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланумен тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің санын қоса алғанда тіркелген (сымды) Интернет абоненттерінің саны көрсетіледі. Интернетке қосылу үшін соңғы 3 ай ішінде кем дегенде бір рет пайдаланылған белсенді абоненттік қосылымдар және жүйелі ай сайынғы төлемдерді білдіретін барлық абоненттік қосылымдар кіреді.

8-бөлімнің 1.1.1-жолында коммутацияланған қолжетімділікті пайдаланумен Интернет желісі абоненттерінің саны көрсетіледі. Коммутацияланған қолжетімділік Интернет желісіне модем және телефон желісі арқылы қосылуды білдіреді. Бұл үшін Интернет желісіне қолжетімділік қажет болған жағдайда модемнің белгілі телефон нөмірін теруі талап етіледі.

8-бөлімнің 1.1.2-жолында бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе одан да жоғары жылдамдықпен жалпы пайдаланымдағы Интернет желісіне (TCP/IP қосылуы) жоғары жылдамдықты қолжетімділік үшін төлем жасайтын кең жолақты Интернет желісі абоненттерінің жалпы саны көрсетіледі. Осы көрсеткіш кабельді модем, цифрлық абоненттік желі (бұдан әрі – ЦАЖ), пәтерге (ғимаратқа) талшықты-оптикалық қосылымды (FTTH/V+ETTH) және қосылудың басқа топтарына енгізілмеген, жоғары

жылдамдықты кең жолақты қолжетімділікті пайдаланатын абоненттерді қамтиды. Бұл жалпы сан төлем әдісінен тәуелсіз анықталады. Оған ұялы байланыс желісі (Интернет желісі) арқылы деректерді беруге қолжетімділігі бар абоненттер кірмейді.

8-бөлімнің 1.1.2.1-жолында кабельді телевизиялық желілерге қосылған модемдерді пайдаланатын Интернет желісі абоненттері көрсетіледі. Қолжетімділік жылдамдығы бір немесе екі бағытта 256 кбит/с немесе одан да жоғарыны құрайды.

8-бөлімнің 1.1.2.2-жолында ЦАЖ технологиясын пайдаланатын Интернет желісі абоненттері көрсетіледі. ЦАЖ технологиясы әдеттегі мыс телефон желілері арқылы үйлерге және шағын кәсіпорындарға ақпаратты кең жолақты беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қолжетімділік жылдамдығы бір немесе бірнеше бағытта 256 кбит/с немесе одан да жоғарыны құрайды.

8-бөлімнің 1.1.2.3-жолында пәтерге (ғимаратқа) талшықты-оптикалық қосылуды (FTTH/V+ETTH) пайдаланатын Интернет абоненттері көрсетіледі. Талшықты-оптикалық желілердің өткізу қабілеттілігі барлық басқа байланыс жүйелерінің өткізу қабілеттілігінен бірнеше есе артық және секундына терабиттермен өлшенуі мүмкін. Талшықты-оптикалық байланыс деп ақпараттық сигналдың жеткізгіші ретінде оптикалық диапазонның электромагнитті сәуле шығаруын, бағыттауыш жүйелер ретінде талшықты-оптикалық кабельдерді пайдаланатын сымды электробайланыс түрі ұғынылады.

8-бөлімнің 1.1.2.4-жолында 256 кбит/с-қа тең немесе асатын бәсеңдейтін бағыттағы жылдамдықпен Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қолжетімділіктің (ЦАЖ, кабельді модем, талшықты-оптикалық қосылудан басқа) басқа да технологияларын пайдаланатын Интернет желісі абоненттері көрсетіледі. Оған Ethernet жергілікті желісі және электр берілісі желілері (BPL) бойынша кең жолақты қолжетімділік сияқты байланыс технологиялары кіреді. Ethernet жергілікті желісі арқылы абоненттік қосылу – бұл IEEE 802.3 технологиясы бойынша абоненттік қосылу. BPL абоненттік қосылу – бұл электр желісінің линиялары бойынша деректерді берудің кең жолақты қызметін пайдаланумен қосылу. Аталған көрсеткішке уақытша кең жолақты қолжетімділікті пайдаланушылар (PWLAN қолжетімділік нүктелері арасындағы роуминг), WiMax пайдаланушылары және ұялы байланыс желілері бойынша Интернет желісіне қолжетімділігі бар пайдаланушылар қосылмайды.

8-бөлімнің 1.2-жолында мәлімделген жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жерсеріктік қолжетімділігі бар Интернет желісіне сымсыз кең жолақты қолжетімділік абоненттерінің саны көрсетіледі.

8-бөлімнің 1.3-жолында мәлімделген жүктеу жылдамдығы 256 кбит/с кем емес жылдамдығы бар жерүсті тіркелген сымсыз байланыс абоненттерінің саны көрсетіледі. Бұл көрсеткіш WiMax технологиясымен тіркелген байланыс желілерін және тіркелген сымсыз байланыс желілерін қамтуы мүмкін, бірақ қолжетімділік нүктесі арқылы уақытша пайдаланушылар кірмейді.

11. 9-бөлімнің 1-жолында мәлімделген жылдамдығы 256 кбит/с немесе одан да жоғары және 2 Мбит/с төмен Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері көрсетіледі.

9-бөлімнің 2-жолында мәлімделген жылдамдығы 2 Мбит/с немесе 10 Мбит/с төмен Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері көрсетіледі.

9-бөлімнің 3-жолында мәлімделген жылдамдығы 10 Мбит/с-тан жоғары Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділіктің барлық тіркелген (сымды) желілері көрсетіледі.

12. 10-бөлімнің 1-жолында ұтқыр кең жолақты қолжетімділігі бар белсенді абоненттер жиынтығы көрсетіледі. Ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша белсенді абоненттік қызмет көрсету ұтқыр телефон және компьютер (USB (электрондық кілттер) негізінде Интернет желісіне ұтқыр кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша белсенді абоненттік қызмет көрсету жиынтығына жатады. Әлеуетті емес, тек нақты абоненттерді қамтиды, дегенмен соңғылардың кең жолақты байланысты қолдайтын телефондарды пайдалану мүмкіндігі бар. Абоненттік қызмет көрсету тұрақты абоненттік төлемді немесе қолдану талаптарын қамтиды, пайдаланушылардың соңғы 3 ай ішінде Интернет желісіне қолжетімді болады. 256 кбит/с-тан аз емес жүктеу жылдамдығын қамтамасыз ететін ( WCDMA, HSDPA, CDMA 2000 1xEV-DO, IEEE 802.16e және LTE стандартының WiMax) ұтқыр кең жолақты желілер бойынша абоненттік қызмет көрсетуді қамтиды.

10-бөлімнің 1.1-жолында дауыс байланысы және деректерді беруге ұтқыр кең жолақты қолжетімділігі бар абоненттер саны көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша деректерді беру және сөйлеу абоненттерінің саны деп HTTP арқылы ашық Интернетке қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ететін ұтқыр кең жолақты байланыстың қызметіне келісімшарттар саны түсініледі және онда деректерді беру қызметтері сөйлеуді тарату (ұялы байланыс бойынша сөйлеу мен деректерді таратудың тарифтік жоспарлары) қызметімен бірге келісімшартқа немесе сөйлеуді берудің тарифтік жоспарына қосымша пакет ретінде енгізілген. Бұл сол терминалдағы сөйлеу және деректерді беру қызметімен смартфондар негізіндегі келісімшарттар. Интернет желісіне қолжетімділік үшін келісімшарт бойынша нақты ағымдағы төлемдермен ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша деректерді және сөйлеуді беруге арналған келісімшарттар нақты пайдаланылуына қарамастан, осы көрсеткішке енгізіледі. Алдын ала төлем жүргізу немесе нақты пайдалану дерегі бойынша төлем жүргізу арқылы ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша деректерді және сөйлеуді беруге арналған келісімшарттар, егер олар алдыңғы 3 ай бойы Интернет желісіне қолжетімділік үшін пайдаланылған жағдайда ескеріледі. M2M-ге арналған келісімшарттар қосылмайды. Бұл көрсеткіш 256 кбит/с кем емес жүктеу жылдамдығын қамтамасыз ететін (WCDMA, HSPA, CDMA2000 1x EV-DO, WiMAX IEEE 802.16e және LTE) ұтқыр байланыс желісінің қызметіне



арналған келісімшарттарды қамтиды және аса төмен жылдамдықты қамтамасыз ететін технологияны, нақтырақ айтсақ GPRS, EDGE және CDMA 1xRTT-ты қамтымайды.

10-бөлімнің 1.2-жолында ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша тек деректерді беру абоненттерінің саны көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша тек деректерді беру абоненттерінің саны деп HTTP арқылы ашық Интернетке қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ететін ұтқыр кең жолақты байланыстың қызметіне келісімшарттар саны түсініледі және оларға деректерді беру қызметі қосылмаған, яғни ұтқыр кең жолақты байланысты дербес қызмет ретінде қамтамасыз ететін келісімшарттар (деректер карталары, USB-модемдер (аппараттық кілттер) және планшетті компьютерлер үшін ұтқыр кең жолақты байланысқа арналған келісімшарттар). Келісімшарт бойынша нақты ағымдағы төлемдермен ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша тек деректерді беруге арналған келісімшарттар нақты пайдаланылуына қарамастан, осы көрсеткішке енгізіледі. Алдын ала төлем жүргізу немесе нақты пайдалану дерегі бойынша төлем жүргізу арқылы ұтқыр кең жолақты байланыс бойынша тек деректерді беруге арналған келісімшарттар, егер олар алдыңғы 3 ай бойы Интернет желісіне қолжетімділік үшін пайдаланылған жағдайда ескеріледі. M2M-ге арналған келісімшарттар қосылмайды. Бұл көрсеткіш 256 кбит/с кем емес жүктеу жылдамдығын қамтамасыз ететін (WCDMA, HSPA, CDMA2000 1x EV-DO, WiMAX IEEE 802.16e және LTE) ұтқыр байланыс желісінің қызметіне арналған келісімшарттарды қамтиды және аса төмен жылдамдықты қамтамасыз ететін технологияны, нақтырақ айтсақ, GPRS, EDGE және CDMA 1xRTT-ты қамтымайды. Бұл көрсеткішке деректерді жеткізуге келісімшарттар енгізілмейді, онда бұл қызметтер ұтқыр байланыс бойынша сөйлеуді беру қызметтерімен бірге келісімшартқа енгізілген.

10-бөлімнің 2-жолында LTE/WiMAX технологиялары негізінде ұтқыр кең жолақты байланыс қызметтері белсенді абоненттерінің саны көрсетіледі.

LTE/WiMAX технологиялары негізінде ұтқыр кең жолақты байланыс желілері қызметінің белсенді абоненттерінің саны деп LTE/ұтқыр WiMAX технологиялары және LTE-Advanced және WirelessMAN технологияларына негізделген ұтқыр кең жолақты байланыстың басқа алдыңғы қатарлы желілері негізінде кең жолақты байланыс желілерінде өткен 90 күн ішінде Интернет трафигін жасаған келісімшарт саны түсініледі. Бұл көрсеткіш HSPA, UMTS, EV-DO желілерінде және 3G алдыңғы желілерінде ғана Интернет трафигін құрайтын келісімшарттарды қамтымайды, сондай-ақ тіркелген WiMAX-қа келісімшарттарды қамтымайды.

13. 11-бөлімнің 1-жолында Интернет желісіне қолжетімділікті алу үшін жалпы пайдаланымдағы коммутацияланған телефон желісінде нөмірді терумен байланысты сеанстарға пайдаланылған минуттардың жалпы саны көрсетіледі.

11-бөлімнің 2-жолында сыртқы да, ішкі де ресурстарға Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қолжетімділік трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

11-бөлімнің 2.1-жолында сыртқы ресурстарға Интернет желісіне тіркелген (сымды) кең жолақты қолжетімділік трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

11-бөлімнің 3-жолында Интернет желісіне тіркелген сымсыз кең жолақты қолжетімділік трафигі көлемінің жалпы саны ГБайт-та көрсетіледі.

11-бөлімнің 4-жолында ұтқыр Интернет трафигі көлемінің жалпы саны, ГБайт-та көрсетіледі.

11-бөлімнің 4.1-жолында ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланумен интернет-трафик (ел шегінде) көлемінің жалпы саны көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланатын интернет-трафик (ел шегінде) деп деректерді беру жылдамдығы тұрғысынан эквивалентті, оңтайландырылған және жетілдірілген 3G желісін немесе стандарттарды қоса алғандағы 3G желісі немесе едәуір заманауи ұтқыр байланыс желілерінен елдегі шығыс кең жолақты трафик көлемі аталады.

11-бөлімнің 4.2-жолында ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланатын интернет-трафиктің (елдің шегінен тыс, шығыс роумингі) жалпы көлемі көрсетіледі.

Ұтқыр кең жолақты байланысты пайдаланатын интернет-трафик (елдің шегінен тыс, шығыс роумингі) деп деректерді беру жылдамдығы тұрғысынан эквивалентті, оңтайландырылған және жетілдірілген 3G желісін немесе стандарттарды қоса алғандағы 3G желісі немесе едәуір заманауи ұтқыр байланыс желілерінен шыққан елден тысқары кең жолақты трафик көлемі аталады.

11-бөлімнің 5-жолында Интернеттің секундына мегабайтта пайдаланылатын халықаралық өткізу жолағы (трафик) көрсетіледі. Халықаралық Интернет байланысының пайдаланылған өткізу қабілеттілігі (трафик) Интернет трафигін тарату үшін халықаралық талшықты-оптикалық кабельдер және радиоарналарға арналған орташа трафик-жүктемеге (секундына мегабайтта көрсетілген) жатады. Орташа мән есепті жылдың 12 айлық кезеңіне барлық халықаралық Интернет сілтемелер ескеріле отырып есептеледі. Егер трафик асимметриялық (яғни кіріс трафигі шығыс трафигінен көп) болса, онда кіріс трафигі бойынша орташа жүктеме ұсынылады. Әртүрлі халықаралық Интернет сілтемелерге жалпы орташа трафик-жүктеме әрбір сілтеме бойынша орташа трафик-жүктемеге қосымша есептеледі.

11-бөлімнің 6-жолында Интернеттің нақты (іске қосылған) халықаралық өткізу жолағы секундына мегабайтта көрсетіледі. Интернеттің нақты (іске қосылған) халықаралық өткізу қабілеттілігі интернет-трафикті тасымалдау үшін ұсынылатын халықаралық талшықты-оптикалық кабельдердің жалпы нақты қосылған сыйымдылығына жатады. Сондай-ақ интернет-трафикті тасымалдау үшін ұсынылатын халықаралық радио желілердің іске қосылған сыйымдылығы. Халықаралық желілері бар және оларды пайдаланатын трансұлттық операторлар Интернетінің нақты (іске қосылған) халықаралық сыйымдылығы Интернет қызметтерін ұсынатын ұлттық өнім берушілерге Интернеттің сыйымдылығын жалға беретін көтерме сауда

компанияларының нақты (іске қосылған) сыйымдылығымен қатар енгізіледі. Егер сыйымдылық ассиметриялы (яғни кіріс сыйымдылығы шығыс сыйымдылығынан көп) болса, онда кіріс сыйымдылығы бойынша мәлімет ұсынылады.

14. 12-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына тіркелген байланыс желісінің (коаксиальді немесе оптоалшықты кабель) көмегімен жеткізілетін кабельді телевизия пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

12-бөлімнің 2-жолында жерсеріктік телевизия абоненттерінің саны көрсетіледі. Тікелей қабылдауға арналған жерсеріктік антенналар көмегімен қосылған абоненттік қосылымдар телевизиялық хабар тарату бағдарламаларын тікелей жерсерігінен қабылдайтын абоненттік қосылымдар санын көрсетеді. Аталған көрсеткіш жерсеріктік антенна арқылы алынатын көп арналы бағдарламаларды қабылдауға арналған абоненттік қосылымдар санын көрсетеді. Бұл қызмет тиісті антенналары мен телевизиялық құрылғылары бар абоненттерге жерсеріктік телевизиялық хабар тарату бағдарламаларын қабылдауға мүмкіндік береді.

12-бөлімнің 3-жолында цифрлық интерактивті телевизия (IPTV) абоненттерінің саны көрсетіледі.

IPTV бойынша абоненттік қызмет көрсету цифрлық интерактивті телевизия (IPTV) бойынша абоненттік қызмет көрсетуге жазылу санына, яғни сервис сапасының, тәжірибе, қауіпсіздік, интерактивтілік және сенімділіктің тиісті деңгейімен IP хаттамасы бойынша деректерді беру желісі арқылы жеткізілген телевизияға жатады.

12-бөлімнің 4-жолында телевизиялық қызмет көрсетуге басқа абоненттік қосылу саны көрсетіледі.

IPTV, жерсеріктік және кабельді телевизиядан басқа абоненттік телевизиялық қызмет көрсету ақылы телевизиялық жазылымға жатады. Эфирлік-кабельдік телевизия (MMDS) және ақылы цифрлық жерүсті телевизия жүйелері (ақылы DTT) сияқты платформалар телевизиясына жазылуды қамтиды. Тегін телевизия енгізілмейді. Ұсынылатын деректерге сәйкес телевизиялық платформалар ескертпеде көрсетіледі.

12-бөлімнің 5-жолында тіркелген кең жолақты және тіркелген телефон байланысы қызметтерінің жиынтығын пайдаланатын абоненттер саны көрсетіледі.

Тіркелген кең жолақты және тіркелген телефон байланысы жиынтықтары бойынша абоненттік қызмет көрсету телекоммуникациялық қызметке, тіркелген кең жолақты және телефон байланысы қызметтерін қоса алғанда жиынтық абоненттік жазылулар санына жатады. Телекоммуникациялық қызметтер жиынтығының айқындамасында белгіленген критерийлерге жауап беретін абоненттік қызмет көрсетулер қосылады. Тіркелген телефон, тіркелген кең жолақты байланыс және ақылы телевизиядан құралған үштік жиынтық сияқты қосымша телекоммуникациялық қызметтерді қамтитын абоненттік қызмет қосылмайды.

12-бөлімнің 6-жолында тіркелген телефон, тіркелген кең жолақты байланыс және ақылы телевизия қызметтерінің жиынтығын пайдаланатын абоненттер саны көрсетіледі.

Тіркелген кең жолақты, тіркелген телефон байланысын және ақылы телевизияны қамтитын жиынтыққа арналған абоненттік қызмет көрсету тіркелген кең жолақты байланысты, тіркелген телефон байланысын және ақылы телевизия қызметтерін қоса алғанда телекоммуникациялық абоненттік қызмет көрсетуге жиынтық жазылулар санына жатады. Телекоммуникациялық қызметтер жиынтығы айқындамасында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін абоненттік жазылулар қосылады. Тіркелген телефон байланысын, тіркелген кең жолақты байланысты, ақылы телевизияны және ұтқыр байланысты қамтитын төрт қызметтен және ұтқыр деректерді беру қызметінен тұратын жиынтықтар сияқты қосымша телекоммуникациялық қызметтерді қамтитын жазылулар бұл көрсеткіште есепке алынбайды.

12.1-жолда есепті жылдың соңына қызмет көрсетілетін абоненттер санына қарамастан, кабельді телевизия негізгі станцияларының (жүйелерінің) саны көрсетіледі. Көрсеткішке көпарналы кабельді телевизияның жерүсті жүйелерінің саны кіреді: кабельді (мыс немесе оптоалшықты кабель бойынша жеткізумен) және әр түрлі үйлердегі бірнеше отбасына қызмет көрсететін ұжымдық жерсеріктік антенна құрылғыларынан тұрады. Мұнда байланыстың сымсыз арналары бойынша сигналды бөлу жүйесі қосылады.

15. 13-бөлімнің 1-жолында тұтастай алғанда ұялы байланыспен қамтылған аумақтың пайыздық үлесі көрсетіледі. Бұл көрсеткіш ұялы байланыс сигналымен қамтылған аумақты аумақтың жалпы алаңына бөлу арқылы есептеледі.

13-бөлімнің 2-жолында тұтастай алғанда эфирлік цифрлық телехабар таратумен қамтылған аумақтың үлестік пайызы көрсетіледі. Бұл көрсеткіш эфирлік цифрлық телехабар таратумен қамтылған аумақты аумақтың жалпы алаңына бөлу арқылы есептеледі.

13-бөлімнің 3-жолында халықты ұялы байланыспен қамту пайызы көрсетіледі. Халықты ұялы байланыспен қамту көрсеткіші халықтың абонент немесе абонент емес екендігіне қарамастан, ұялы байланыс сигналы бар аймақтағы тұрғындардың үлесін анықтайды. Ол ұялы байланыс сигналымен қамтылған тұрғындардың санын жалпы халық санына бөлу арқылы анықталады.

13-бөлімнің 3.1-жолында 3G ұялы байланыс желісімен қамтылған халықтың пайыздық үлесі көрсетіледі.

13-бөлімнің 3.2-жолында 4G ұялы байланыс желісімен қамтылған халықтың пайыздық үлесі көрсетіледі.

13-бөлімнің 3.3-жолында 5G ұялы байланыс желісімен қамтылған халықтың пайыздық үлесі көрсетіледі.

16. 14-бөлімнің 1-жолында есепті жылдың соңына магистральдық және аймақшілік желілердегі (шарт бойынша басқа ұйымдарға ұсынылатын арналарды қоса алғанда) осы ұйымның баланысында тұрған аналогтық және цифрлық беру жүйелері құрған қалааралық және халықаралық байланыс арналарының жалпы ұзындығы көрсетіледі.

14-бөлімнің 1.1-жолында цифрлық беру жүйелері құрған қалааралық және халықаралық телефон арналары үшін ұзындық беру желілерінің барлық учаскелері бойынша олардың ұзындығын көбейту нәтижелерін цифрлық беру жүйесінің әртүрлі аппаратурасын қолданумен құрылған арналар санына қосу арқылы анықталады.

14-бөлімнің 1.1.1-жолында Ethernet интерфейсі арқылы құрылған деректерді берудің қалааралық және халықаралық цифрлық арналары үшін байланыс арналарының ұзындығы тиісті жылдамдықтары бойынша 2 Мбит/с, 10 Мбит/с, 100 Мбит/с, 1 Гбит/с және одан да көп беру желілерінің барлық учаскелері бойынша қосу арқылы анықталады.

14-бөлімнің 1.1.1.1–1.1.1.4-жолдарында тиісті Ethernet интерфейсі арқылы құрылған Ethernet трактілерінің ұзындығы көрсетіледі. Егер қандай-да бір портты пайдалану барысында кіші желілік жылдамдықта арна құрылған болса, онда портты іске қосу үлесі есепке алынады (порты 100 Мбит/с жабдықта 70 Мбит/с желілік жылдамдықты арна құрылса, онда есепте 0,7 арна есепке алынады).

Беру жүйелеріне желілік тракт, типтік топтық тракт және бастапқы желіні беру арналарының пайда болуын қамтамасыз ететін техникалық құралдар кешені жатады. Желілік трактіде берілетін дабыл түріне байланысты ұқсас және цифрлық беру жүйесі болып бөлінеді. Сигналдарды тарату ортасына байланысты берудің сымды жүйесі және берудің радиожүйесі кездеседі.

Электр байланысының арнасы деп оның ақырғысына абоненттік түпкілікті құрылғыларды (терминалдарды) қосу барысында хабарламаларды хабар беру көзінен алушыға (алушыларға) беруді қамтамасыз ететін қосалқы желі станциялары мен тораптарының көмегімен тізбекті жалғанған арналар және қосалқы желі тораптарымен құрылған байланыс жолдарының өту жолы түсініледі. Байланыс желісінің түріне қарай арна телефон, телеграф, деректерді беру арналары болып бөлінеді. Аумақтық белгісіне қарай халықаралық, қалааралық, аймақтық, жергілікті арналар болып бөлінеді.

Беру желісі деп жалпы желілік құрылғылары, оларға қызмет көрсету құрылғылары және қызмет көрсету құрылғыларының іс-әрекеті шегінде сол бір тарату ортасы бар беру жүйелерінің желілік трактілерінің және (немесе) үлгілік физикалық тізбектердің жиынтығы танылады. Бастапқы желіге байланысты беру желілері магистральді, аймақшілік, жергілікті болып бөлінеді. Тарату ортасына байланысты кабельді, радиорелелі (дециметрлік және одан да қысқа радиотолқынды радиосигналдарды таратуға негізделген жерүсті радио байланысы), әуелік, жерсеріктік (жердің бір немесе бірнеше жерсеріктері арқылы радиодсигналдарды таратуды жүзеге асыратын, жерүсті радиостанциялары арасындағы ғарыштық радио байланыс) болады. Беру желілерін

тарату ортасы бойынша әртүрлі тізбекті қосылуды білдіретін беру желілері құрамдастырылған деп аталады.

17. 15-бөлімнің 1-жолында геостанционарлы орбитада (бұдан әрі – ГСО) ғарыштық аппараттарды (бұдан әрі – ҒА) пайдаланумен тіркелген жерсеріктік қызметтері (бұдан әрі – ТЖҚ) жүйесінде жұмыс істейтін жерсеріктік хабар таратудың беретін жер станцияларының жалпы саны есепті жылдың соңына ескеріледі. Деректерді өз баланысында ТЖҚ-ның жерсеріктік хабар таратуының станциялары, тікелей телевизиялық хабар таратудың және (немесе) дыбыстық таратудың жүйесі бар байланыс операторлары кәсіпорындар мен ұйымдар ұсынады.

15-бөлімнің 1.1-жолында ҒА және ГСО пайдаланумен ТЖҚ телевизиялық хабар таратуының жер бетіндегі беру станцияларының саны көрсетіледі. Деректерді жерсеріктік телевизия саласындағы қызметке лицензиясы бар операторлар ұсынады.

18. 16-бөлімнің 1-жолының 1-бағанында коммутациялық станциялардың (пунктілердің) құрастырылған сыйымдылықтарына:

автоматты телефон станцияларының (бұдан әрі – АТС) құрастырылған нөмірлік сыйымдылығының барлық түрі (тірек, тораптық және басқалары) және олардың шығу желілері, мультисервистік абоненттік қолжетімділіктің (бұдан әрі – МАҚ) TDM (POTS) түйіндері;

SSW бағдарламалық коммутаторының абоненттік лицензияларының (H.248 және SIP) саны;

МАҚ NGN (POTS) тораптарының құрастырылған нөмірлік сыйымдылығы;

OLT-да белсенділендірілген лицензиялар саны, осының негізінде телефон желілерін FXSONT және ONU (POTS) порттарына қосу жүргізіледі;

технологиялық, тесттік нөмірлер;

таксофон нөмірлері;

P2P (POTS) желісіндегі FXS порты;

CDMA сымсыз қолжетімділіктің негізгі станцияларының қосылатын абоненттік нөмірлерінің барынша көп ықтимал саны;

Wi-Max құрастырылған нөмірлік сыйымдылығы жатады.

16-бөлімнің 1-жолы 2-бағанында коммутациялық станциялардың (пунктілердің) іске қосылған сыйымдылықтары қатарына:

1) барлық коммутациялық пунктілердің станциялық іске қосылған нөмірлік сыйымдылықтары, яғни қосылған тіркелген телефон желілерінің нақты саны (Е1 ағындары бойынша қосылған нөмірлерден басқа):

барлық типтегі АТС (тірек, тораптық) іске қосылған нөмірлік сыйымдылықтары және олардың шығу сыйымдылықтары, МАҚ TDM (POTS) тараптары;

іске қосылған МАҚ NGN (POTS) желілерінің нөмірлік сыйымдылықтары;

OLT жүйесінде белсенділендірілген лицензиялар саны, осының негізінде FXSONT және ONU (POTS) порттарына қосылған телефон желілерін қосу жүргізілген;

SIP-платформалардың іске қосылған абоненттік лицензияларының саны;  
технологиялық, тесттік нөмірлер;

таксофон нөмірлері;

2) P2P (POTS) желісінің іске қосылған FXS порттары;

3) CDMA (CDMA 450 және CDMA 800) сымсыз қолжетімділік станцияларына қосылған абоненттер саны;

4) Wi-Max іске қосылған нөмірлік сыйымдылығы жатады.

19. 17-бөлімде есепті жылдың соңына сымсыз байланыстың базалық станцияларының саны көрсетіледі.

17-бөлімнің 2-жолында Wi-Fi ретінде таныс, IEEE 802.11b стандартына негізделген жалпы пайдаланымдағы сымсыз жергілікті желіге қолжетімділік нүктелері көрсетіледі.

20. 18-бөлімнің 1-жолында есепті жылға жөндеу бюросына түскен өтінімдердің жалпы саны көрсетіледі.

18-бөлімнің 3-жолында жыл ішінде 100 тіркелген желіге шаққандағы тіркелген телефон желілеріндегі ақаулар туралы хабарланған оқиғалардың жалпы саны көрсетіледі. Бұл көрсеткіш жыл ішінде телефон желісіндегі ақаулар туралы хабарланған оқиғалардың жалпы санын қолданыстағы тіркелген желілердің жалпы санына бөлу және нәтижесін 100-ге көбейту арқылы есептеледі.

18-бөлімнің 8-жолында тіркелген (сымды) кең жолақты байланыс қызметінің активациялану уақыты көрсетіледі (күндермен). Тіркелген (сымды) кең жолақты байланыс қызметіне қатысты активациялау уақыты деп тапсырыс беру күнінен бастап қызметтің активациялау күніне дейінгі уақыт түсініледі. Сол немесе басқа жылы алынған барлық жаңа тапсырыстар үшін қызметтің активациялануының орташа уақыты көрсетілуі тиіс.

21. 19-бөлімде Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 5 таңба бөлінісіндегі қызметтің қайталама түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ-нің коды" бағанында – ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың 5 таңбаға дейін коды көрсетіледі.

22. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

23. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналып бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен ұсынады.

24. Ескертпе: X – бұл айқындалма толтыруға жатпайды.

25. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған  $\leq$  3-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1-1.7-жолдардың  $\sum$  барлық бағандар бойынша;

1.1-жол = 1.1.1-1.1.3-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.2-жол = 1.2.1-1.2.3-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.3-жол = 1.3.1-1.3.4-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.3.1-жол = 1.3.1.1-1.3.1.7-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.4-жол = 1.4.1-1.4.2-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.5-жол = 1.5.1-1.5.3-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.5.1-жол  $\geq$  1.5.1.1-жолдан  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.5.2-жол  $\geq$  1.5.2.1-жолдан  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.5.2.1-жол  $\geq$  1.5.2.1.1-жолдан  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.5.3-жол  $\geq$  1.5.3.1-жолдан  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.6-жол = 1.6.1-1.6.3-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.7-жол = 1.7.1-1.7.2-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.7.1-жол = 1.7.1.1-1.7.1.2-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін.

2) 3-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған  $\leq$  3-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1-1.3-жолдардың  $\sum$  барлық баған бойынша;

1.2-жол = 1.2.1-1.2.2-жолдардың  $\sum$  барлық баған бойынша.

3) 4-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол  $\geq$  1.1-жолдан барлық баған бойынша.

4) 5-бөлім:

4-жол = 4.1-4.2-жолдардың  $\sum$  әрбір баған үшін.

5) 6-бөлім:

10.1-жол  $\leq$  10-жолдан.

6) 7-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

1.1-жол  $\leq$  1-жолдан әрбір баған үшін;

1-жол  $\geq$  2-жолдан әрбір баған үшін;



8.1-бөлімнің деректері  $\leq$  8-бөлімнің 1-бағаны бойынша 2-жолдан.

7) 8-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жолдар үшін;

4-баған  $\leq$  3-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол = 2-4-жолдар  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.1-жол = 1.1.1-.1.1.2-жолдар  $\sum$  әрбір баған үшін;

1.1.2-жол = 1.1.2.1-1.1.2.4-жолдар  $\sum$  әрбір баған үшін.

8) 10-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

1-жол = 1.1-1.2-жолдар  $\sum$  әрбір баған үшін;

2-жол  $\leq$  әрбір бағандар үшін 1-жолдан.

9) 11-бөлім:

2.1-жол  $\leq$  2-жолдан барлық баған бойынша.

10) 12-бөлім:

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жол үшін;

4-баған  $\leq$  3-бағаннан әрбір жол үшін;

12.1.1-жол  $\leq$  12.1-жолдан.

11) 14-бөлім:

1-жол  $\geq$  1.1-жолдан;

1.1-жол  $\geq$  1.1.1-жолдан;

1.1.1-жол = 1.1.1.1-1.1.1.4-жолдар  $\sum$ .

12) 15-бөлім:

3-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір жолдар үшін;

4-баған  $\leq$  2-бағаннан әрбір жолдар үшін;

1-жол  $\geq$  1.1-жолдан әрбір бағандар үшін.

13) 16-бөлім:

1-жол  $\geq$  1.1-жолдан әрбір бағандар үшін;

2-баған  $\leq$  1-бағаннан әрбір бағандар үшін.

14) 17-бөлім:

1-жол = 1.1-жолдан;

1.1-жол  $\geq$  1.1.1-жолдан.

15) 18-бөлім:

2-жол  $\leq$  1-жолдан.

16) 19-бөлім:

1-жол = барлық жолдар  $\sum$ .